

"Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушысының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 153 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 15 қарашадағы № 265 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 14 желтоқсанда № 8963 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушысының № 153 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4749 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2007 жылы, маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидасын бекіту т у р а л ы » ;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 6-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:»;**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидасы бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидасы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан

тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидалары « Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 24-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапханалар қорларына қолжетімділік тәртібін анықтайды. Сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары халыққа қызмет көрсету бойынша кітапханалар қызметінің құрамдас бөлігі б о л ы п т а б ы л а д ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет к о м и т е т і :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді өткізгеннен кейін белгіленген тәртіпте ресми жариялауға жіберілгені туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед